

**ДЕНЕ ЖӘНЕ СЕЗІМ  
МҮШЕЛЕРІНІҢ АҚАУЫ БАР  
НАУҚАСТАРМЕН АРАҚАТЫНАС  
ҚҰРУ.**

Қабылдаған: Жолдас.К

Орындаған: Кочкоров.А

Тобы: ЖМ - 101






■ ДЕНЕ ЖӘНЕ СЕЗІМ МҮШЕЛЕРІНІҢ АҚАУЫ  
БАР НАУҚАСТАРМЕН АРАҚАТЫНАС ҚҰРУ.

■ Косметикалық кемістіктері және соқыр,  
санырау, сақау адамдарда спецификалық  
психологиялық өзгерістер дамиды. Басқа  
ауруларға қарағанда бұндай адамдарда  
ерекше және кемістік түріне  
байланыссыз, біркелкі психологиялық  
реакциялар байқалады. Олар, бұл  
адамдардың әлеуметтік жағдайына,  
қоғамдағы көзқарасқа және кемістік  
салдарынан, жеке тұлғаның өсіп дамуы  
бұзылыстарына байланысты пайда  
болады.



- 
- «Косметикалық кемістіктер» дегеніміз - адамның бет сиқының бұзылуы. Адамның беті әлпеті кеміс болуынан ол өзін-өзі кемсініп, төмен санайды. Олар өкпешіл, ашуланшақ, болып, басқа көрінуден қорқып, жаындағылармен жанасудан бас тартады, кейбір жағдайларда өз өмірін қию туралы ой да туады. Терісіндегі өзгерістер, деформациялар пайда болуы салдарынан| адамда қосымша ұяндық, сезімталдық, қоршағандар «аса көп аударуы мүмкін» - деген үрейлі сезім пайда болады, сондықтан адамдардан кашқақтауы мумкін.



съёмка до операции

- Тұтығатын науқастар. Тұтығу - кемістіктің өзгеше бір түрі, оның айтарлықтай психологиялық әсері болуы салдарынан тұлғаның мінез-кұлқын өзгертіп, жалпы дамуына бөгет жасайды. Тұтығу пайда болуынан тұлғааралық қарым-қатынас өзгереді. Кездесетін клиникалық белгісіне - сөзден (сөйлесуден) қорқуы жатады (логофобия). Бұған байланысты адам өмірінің коммуникативтік үрдістерінің бұзылуы, тұйық мінезді болуы және қоршаған адамдармен қарым-қатынас жасаудан бас тартуы байқалады.





- Бұндай науқас адамдармен қарым-қатынас жасағанда, дәрігерде көптеген қиыншылықтар туады. Дәрігер ерекше шыдамдылық көрсетіп, олардың сенімділігін арттырып, асықпай тыңдауды түсінуге даярлығын білдіруі керек. Дәрігер олардың вербальды коммуникацияларына (жесттер, мимика, қол қимылы т.б.) көп назар аударуы қажет.



- Соқыр және саңырау науқастарда танырлық әрекеттері бұзылуы салдарынан, олар жасқаншак, ұялшак және жақын туысқандарына тәуелді болады. Олар өзін-өзі кемсітіп сезінеді және сонымен қатар олар принципальды, әділетті, заңға көнімді келеді, өзіне және басқаларға жоғары өнегелік көрсетеді. Бұл адамдардың тұлғасы астениялық, ипохондриялық өзгерістерге шалдықтырады. Олар өкпешіл, үрейшіл болады, сонымен қатар ұяндық, күдіктілік те байқалады.



- Бұл науқастармен қарым-қатынас жасау кезінде дәрігер ерекше шыдамдылық, сезімталдық көрсетеді, жәрдем беруге әрқашанда даяр екенін сездіріп, сеніміне кіруі қажет. Вербальды және вербальды емес коммуникация әдістеріне көп назар аударуы қажет. Көзі көрмейтін науқаспен сөйлескенде, дәрігер оған үлкен ұқыптылықпен қарап, аса назар аударғаны жөн, яғни науқастың не мақсатпен келгенін түсінуге тырысқаны дұрыс болады. Науқастың қолынан ұстап, дәрігердің бар екенін білдіру керек. Егер науқасқа бөлме бөтен болса, дәрігер бөлмені суреттеп, тағы кім бар екенін айтады. Дәрігер науқасқа сыртқы факторлар, дәрігер қалпы, жесті әсер етпейтінін есте ұстауы тиіс, сондықтан сұхбаттасу барысында ретсіз даудырудың қажеті жоқ. Егер науқаста көзілдірік болса, оны шешпейді себебі, ол визуальді түрде дәрігерді түсінуі үшін қажет. Алынған мәліметтерді жазбаша қайта алып тексеруі керек.


- Есту қабілетінің төмендігімен сырқаттанған науқастармен сұхбат жүргізудің өзіндік қиындықтар тудырады. Бұл жағдайда қағаз арқылы жүргізілген сұхбат өте құнды. Қағазда сұрақ пен жауап көп уақыт алғанымен, осылай жасамасқа басқа амал жоқ. Егер науқаста кинетикалық сөйлеу қабілеті болса, тез уақыт аралығында аудармашыны табу қажет. Егер науқастың есту қабілеті сәл төмен болып еріннен оқи алса, дәрігер жарық бөлмеде науқасқа бетімен қарап тұрады. Дәрігер асықпай, ақырын сөйлеуі керек. Сөйлемнің соңында, дауыс тембрін төмендетпей, ауызды қолмен жаппай, сөздерді тұрақтау үшін жесттерді қолданғаны дұрыс. Егер науқастың бір құлағы жақсырақ естісе, дәрігер соған қарай жақындап сөйлейді. Науқастардың есту аппараты болса, дәрігер оны ескереді.



CASPIO NET

Astana 18:03:21

FARMÁCIA



Ауырып ем іздегенше,  
Ауырмайтын жол ізде.

Жарлының байлығы - денінің саулығы.